

Баян Байғожинамен бірге соғыс жылдары фашизмді талқандауға өз үлесін қосқан қазақ қыздары өте көп. Солардың бірі Алтыншаш Нұрғазина. Ол батальон комсорғы, жаяу әскер құрамында болған. 19 жасында Польшаны азат ету шайқасында ерлікпен қаза тапқан. Алтыншаш пен Баян апамыз «Кеңес Одағының батыры» атағына ұсынылғанымен белгісіз себеппен И.В.Сталин бергізбей қойған. Бұл қазақ қыздарының ерлік істеріне көреалмаушылықтан жасалған қиянат деп ойлаймыз. Сонымен қатар, соғыста барлаушы болған «Даңқ» орденінің үш мәрте иегері Мүслима Дайрабаеваны, «Зенит» командирі Алима Ақжолованың ерліктерін айрықша атап өтуге болады.

Қорытынды. Бұл апаларымыздан басқа аты аталмай, ерліктері ескерілмей қалған қаншама қазақ қыздары бар. Олардың ерлігіне өскелең ұрпақты сусындатып өсіруіміз керек. Жас ұрпақты патриоттық, интернационалдық және адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеуге, балалар мен немерелерінің бақытты болашағы үшін өмірін аямаған адамдар есімін мәңгі еске сақтауға қатысу тікелей борышымыз деп есептейміз.

Ұрыс даласында ерлікпен қаза тапқан және соғыстан кейінгі кезеңде өмірден өткен жауынгерлер есімін мәңгілік ету ісіндегі негізгі бағыт ескерткіштер, саябақтар және гүлбақтар жасау, оларға Соғыс батырларының атын беру, олардың құрметіне ауыл мен қалалардың көшелерін солардың есімімен атау, батырлардың ерліктеріне тағзым жасау, өнеге ету, насихаттау біздің басты азаматтық парызымыз болып саналады. Біз бұл жұмысымызда соғысқа қатысып, ерлік көрсеткен санаулы қазақ қыздарының ерліктерін зерделеп, ұсынып отырмыз. Алдағы еңбектерімізде батыр апаларымыздың ерлік істерін терең зерттеп, жан-жақты саралап, жас ұрпақты Отанын шынайы сүйетін тұлға етіп қалыптастыру бағытында жұмыстар атқаруды жоспарлап отырмыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Тоқаев Қ.К. Қазақстан халқын ҰОС-ғы жеңістің 75 жылдығымен құттықтау сөзі. Егемен Қазақстан. 06.05.2020 ж.
2. Бырбаева Г.Б. Женщины Казахстана в годы Великой Отечественной войны: Автореф. дис. ... канд. ист. наук. - Алматы, 1996. - 90 с.
3. Мурманцева В.С. Советские женщины в Великой Отечественной войне. - М.: Знание, 1987. - С. - 27.
4. Жылқышев Қ. Фашизмді жеңудің дүниежүзілік тарихи маңызы // «Қазақстан тарихы» әдіст. журн. 2002. - №6. - 3-б.
5. Жакупова М.А. Тыловые эвакуационные госпитали Казахстана и Республик Средней Азии (САВО) в годы Великой Отечественной войны (1941-1945). - Астана: Елорда, 2005. - С. - 58.

Есиркепов Ж.М., қауымдастырылған профессор

Омаров Б.С., қауымдастырылған профессор

Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ.

Көпжасар Б.Ж., аға оқытушы

Мұстафаев С.Ш., аға оқытушы

Қорқыт Ата Қызылорда университеті, Қызылорда қ.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Аннотация: Бұл мақалада ұлттық ойындар арқылы ұлттық құндылықтарды, ұлттық тәрбиені қалыптастыру жолдары қарастырылады. Ұлттық ойындар арқылы оқушылардың дене қасиеттерін (күш, ептілік, жылдамдық, икемділік, төзімділік) дамыту әдістері баяндалады. Қазақ ғалымдарының ұлттық ойындар арқылы ұлттық тәрбиені бала бойына дарытуға арналған ой-пікірлері талданады.

Ключевые слова: Ұлттық ойын, ұлттық тәрбие, дене қасиеттері, ұлттық спорт, мінез-құлық.

Yessirkepov Zh.M., associate professor
Omarov B.S., associate professor
International University of Tourism and hospitality, Turkestan
Kopzhasar B.Zh., senior lecturer
Mustafayev S.Sh., senior lecturer
Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda

WAYS OF FORMING NATIONAL VALUES AND EDUCATION THROUGH NATIONAL GAMES

Abstract: This article examines the ways of formation of national values, national education through national games. Through national games, methods of developing students' physical qualities (strength, agility, speed, flexibility, endurance) are outlined. The opinions of Kazakh scientists aimed at instilling national education in children through national games are analyzed.

Keywords: national game, national upbringing, physical qualities, national sport, behavior.

Ойын - мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала болмай ма?», - деп айтқандай, баланың өмірінде ойын ерекше орын алады [1, 77]. Ойын баланың денесін, тұлғасын жетілдіріп, дамытып қоймайды, сана-сезімін де, намысын да қалыптастыратын тәрбие құралы. Баланы - ойын өсіреді. Ойынға қатыспаған бала әлжуаз, қорқақ, өз күшіне сенімсіз, бос кеуде, қиыншылыққа мойығыш болып өседі. Ойында тәрбиелік мәнге ие ұлттық көптеген этнопедагогикалық элементтері жетерлік.

Дене тәрбиесі мен адам психологиясы өзара тығыз байланысты екендігін біз жақсы білеміз. Балалар өмірінде оның ой әрекетінен тыс ешбір үдеріс болмайды. Адамның жан дүниесіндегі әрбір түйсік қимыл-қозғалыс түрінде білінетіндігі және әрбір қимыл-әрекет көңілге тікелей байланысты екендігі ғылыми тұрғыдан дәлелденген.

Баланың өсуі, өз-өзіне сенімі артып, өзін жоғары ұстауы нәтижесінде дене жаттығуларымен шұғылданып, күштілігін көрсетіп, өзінің дене бітімінің сұлулығына, сымбатына сүйсініп, айналаға қызыға бастайды. Бұл жағдай ойын барысында да көрініс тауып, балалар ойын үдерісінде дене бітімінің үйлісімді қимылын, күшін, жылдамдығын көрсетіп, көзге түсуге тырысады.

Ойындар негізінен таза ауада, ашық алаңда өтетін болғандықтан жүйке жүйесін нығайтып, өзін еркін, сергек ұстауға көмектеседі. Дене жаттығулары қан айналу үдерісін жақсартады, соның нәтижесінде ағзадағы зат алмасу жақсарады, тамаққа тәбеті артып, денесі қатайып, көңіл-күйі жақсарады. Бала қанша сырқат болса да ойынға деген ынта-ықыласы азаймайды, қайта қызығушылығы артып, делебесі қозып тұрады. Тіпті жылап отырған баланың өзі ойын қызығын байқаса, жылағанын доғарып, ойынға кірісіп кетеді.

Осының бәрі ойын бала өміріндегі кездейсоқ нәрсе емес, заңды да билеуші құбылыс екендігін көрсетеді. Тіпті баланың күнделікті ойынға жіберетін уақытын есептесек те ойынның бала өміріндегі рөлін аңғаруға болады. Ешқандай сыртқы әсер баланы ойынға мәжбүрлемейді, тек ішкі қызығушылық пен ынта-жігері жетелейді.

Барлық тарихи кезеңдерде де адам баласы ойынмен өмір сүрген. Әрине, әр заманның өзіне тән ойын түрлері болған. Бізге ежелгі замандағы ойындар туралы деректер жеткен жоқ. Бірақ әр жастағы балалар ойындарын қарастырғанда ойынның сипаты баланың мінез-құлық ерекшелігіне байланысты екендігі анықталды. Бала өмірінде ойынның алатын орнын зерделесек, біріншіден, баланың жас ерекшелігіне, екіншіден ойнау себебіне, қандай ішкі тілек осы ойынды ойнауға итермелейтіндігіне байланысты.

Баланың ойынға құштарлығы шексіз. Ол алты айлық кезінен бастап-ақ ойнай бастайды және ертеден кешке дейін ойынның соңында жүреді. Ойын балалықтың ең соңғы кезеңі 18 жасқа дейін созылады, бірақ әр жаста, әр кезеңде әр түрлі сипатта болады.

Бала ойнағанда айналадағының бәрін ұмытады, ойындағы өзіне ғана түсінікті мәнге қызығады, соған еліктеп ойнай береді. Егер ойнап отырған балаға бөтен сұрақ қойып, ойынын бұзсаңыз, ол сұрағыңызға сол ойын кезіндегі көңіл-күйі дәрежесінде жауап береді. Қуыршақпен ойнап отырған қыз бала айналада болып жатқанның бәрін ұмытады, бүкіл болмысымен ойынға беріледі. Оны баланың сол кездегі түрінен, өзін ұстауынан, күбірлеп сөйлеуінен де байқауға болады.

Ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек барлық халықтардың ойын мазмұнында ұқсастық бар. Әсіресе, бұл ең кіші жастағы балаларға тән. Қазақ ұлттық ойындарында да ұқсастық басым. Мысалы, допты, жасырынбақты барлық ұлттың балалары ойнайды. Демек, бұл балалар ойындарына да бірыңғай негіз, заңдылық бар екендігін көрсетеді.

Баланы мінезі өзгерген сайын оның ойын сипаты да өзгеріп отырады. Ол көбінесе, қоршаған ортаға байланысты. Мұның біз үшін маңызы зор. Алты айлық сәбилік кезеңнен бастап 17-18 жасқа келгенше балалар ойынын тоқтатпайды. Ойынның бала өміріндегі рөлін осыдан да көруге болады.

Мектеп жасына дейінгі жас ұрпақтың қалыптасуына әсер ететін фактордың бірі, дәстүрлі мәдениетіміздің бір бағыты - халықтың ұлттық ойындары. Ата-бабамыз ойынды тек баланы алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, оны халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы, баланың көзқарасы, мінез-құлқын қалыптастырып, бір жүйеге келтіретін тәрбие құралы деп санаған.

Ойын балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғышарты және халықтың салтын үйренуде, табиғи құбылыстарын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлықтарын дамытады. Ойын арқылы балалар қоғамдық құбылысты меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады.

Ойнау үдерісінде сөйлесу қарым-қатынасы үлкен рөл атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар өзара пікірлесіп, әсер алысады. Ойын баланың жан-жақты дамуын көздейтін, оның тілін жаттықтыратын, қимыл-қозғалысын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, басқа адамдармен қарым-қатынасын реттеп, құрдастарымен ұйымшалдығын арттыруға негіз болып табылады. Белгілі орыс педагогы В.Н.Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе әспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірімін ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз ұшқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты» [2]. Міне, ойын дегеніміз - тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан ойға жетелейтін, адамға қиял мен қанат бітіретін ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, бұл өмір тынысы.

Халқымыздың тарихи-мәдени мұраларының түрлері өте көп. Солардың қай-қайсысы да адам игілігіне қызмет етуге бағытталған. Сондай аса құнды мәдени игіліктердің бірі - ұлттық ойындар болып табылады. Қазақтың ұлттық ойындары ерлікті, өжеттілікті, батылдылықты, дененің шынығуын қамтамасыз етеді. «Орамал ілу», «Асық ату», «Түйілген орамал», «Қыз куу», «Ұшты-ұшты» және т.б. ұлттық ойындар баланың сөздік қорын молайтуға, өмір тәжірибесін кеңейтуге, ептілік, икемділік, дәлдік қабілеттерін жетілдіруге өз әсерін тигізеді.

Ұлттық ойындар - ата-бабамыздан бізге жеткен, өткен мен бүгінгі байланыстыратын баға жетпес алтын көпір саналады. Сондықтан оны үйренудің, күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Ойын - баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, бүкіл өміріне ұштаса береді. Этнограф ғалымдардың пайымдауынша, бізге жеткен ұлттық ойындардың тарихы Қазақстан жерінде б.з.д. бірінші мыңжылдықта-ақ қалыптасқан. Олардың ішінде тоғызқұмалақ, қуыршақ, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақтар мен алғашқы мемлекеттерде кеңінен тарады.

Біздің қоғамдағы ұлттық ойындардың негізі, шығу тегі халқымыздың көшпелі дәстүрлі шаруашылық қаракеттерінен бастау алады. Бұлардың көбі мал шаруашылығына, аңшылыққа, жаугершілікке негізделген.

Ата-бабаларымыз ұлттық ойындар арқылы ұрпақтың берке-бірлігі мен ынтымағын жарастырып отырған. Қазақтың ұлттық ойындарының адамның өмір сүруіне атқаратын маңызы ерекше. Әр ұлттық ойын оған қатысушыны өмір сүруге бейімдеп қана қоймай, қиындықтан қорықпай, қарсы тұра білуге үйретеді. Мысалы, бір ойын шеберлік пен ептілікке, енді бір ойын талғампаздыққа. Бір ойын қиын-қыстау кезеңде тез шешім қабылдап, онтайлы жол таба білуге баулиды. Қазақтың ұлттық ойындары тәрбие берудің таптырмас құралы екендігі дәлелденіп отыр.

Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті ойын арқылы байқалады, сондықтан оның мәні де ерекше болып табылады. Ойын арқылы қалыптасатын ұлттық тәрбие ұлттық құндылықтарға баулиды.

Ұлттық спорт түрлері адам игілігіне қызмет етуге бағытталған. Ұлттық ойындардың тәрбиелік жағынан алатын орны ерекше. Біріншіден, адамның жүйке жүйелерін шыңдайды, екіншіден, денесін түзеп, тән саулығына әкеледі, үшіншіден, зиянды әдеттерден сақтап, жан саулығын сыйлайды. Қиындыққа толы көшпелі тұрмыс жағдайында қазақ халқында ұлтқа тән дене тәрбиесіне қатысты өзіндік тәл жүйесі қалыптасқан. Оның негізінде ұлттық ойын түрлері және көп қозғалысты қажет ететін ойындар жатыр. Сайыс сипатындағы ойындар жастардың бойындағы қайрат, икемділік және шыдамдылықты оятқан, сонымен қатар көшпелі шаруаға және сарбазға қажетті қайсарлық, батылдық және басқа да қасиеттерді дарытқан. Осылайша бағзы заманға қазіргі ұлттық ойындардың көпшілігі жауынгерлік рух пен шеберлікті тәрбиелеудің негізгі жаттығуы ретінде есептелген. Сақтық пен асқан қайсарлықты көпшілікке паш ету арқылы бозбалалар әскери өнер машықтарын игерген, жангешті жігіттер мен қарсақалдар өз өнерін шындаған, ал ақсақалдар бұл өнерге баға беріп, өздерінің ақ тілектері - бата арқылы ұлы дала батырларын ержүрек жеңістерге бастаған.

Ұлттық ойындар - адамның ойын жетелейтін, қиялына қанат бітіретін ғажайып құбылыс, ақыл-ой жетекшісі. Ұлттық спорттық ойындардың мақсаты - міндетті түрде жеңіске жету емес, денсаулықты сақтау, ағзаның дұрыс өсуіне, қалыпты дамуына жағдай жасау. Мұның өзі қазақ халқының ежелден-ақ айрықша дарынды, білімді болғанының дәлелі. Демек, ата-бабаларымыз ұлттық ойындар арқылы жастарды өмір сүруге дағдыландырып, қиындыққа төзе білуге, қиын сәттен жол таба білуге машықтандыруды басты мақсат еткен. Мысалы, «Аламан бәйге», «Аударыспақ», «Арқан тарту», «Көкпар» ойындары адамды төзімділікке үйретуге, ерік-жігерді игере білуге, білек күшін дамытуға бағытталса, «Жамбы ату», «Құсбегілік», «Садақ ату» арқылы мергендікке, тапқырлыққа, айлакерлікке тәрбиелеген.

Қазіргі кезде қазақтың ұлттық ойындарын дене тәрбиесі сабағында қолдану - өскелең ұрпақты тәрбиелеуде теңдесі жоқ құрал. Әр сабақ сайын ұлттық ойынның үш-төрт түрін алып, солардың ойнау тәсілін үйретіп, жетілдіріп, қайталау арқылы пысықтап отырса, әрбір бала жадында сақтайды да, оны ойнай біледі. Әрине, ұлттық ойындарды мектептегі дене тәрбиесі сабағында қолданудың заманға сай әдістерін ойлап табу жолдарын қарастыру керек. Қазіргі компьютер заманында оқушыларды қызықтырып асық, бес тас ойнандар деп айту өте қиын іс. Әрбір баланың санасына ойынды сіндіруіміз үшін біз қызықты да дұрыс әдістерді қолдануымыз керек. Ұлттық ойындар өзінің табиғатында, жаратылысында ұлттық өнегені бойына сіңіріп, бүкіл ұлтқа тән қасиеттерді өз бойына дарытып, толығып, жетілу арқылы өзінің жан-жақты тәрбиелік қасиетін шындай түседі. Ұлттық ойындар арқылы біз баланы көпшілдікке, ұйымшылдыққа тәрбиелейміз, оларды жеке-дара тұлға ретінде қалыптастырамыз.

Ұлттық ойындарда адамгершіліктің, мінез-құлықтың нормасына бағыт беру - басты міндет. Ойынға қатысушылардың ойын ережесін қалай түсінетініне байланысты. Бұл ойындардың құндылығы - ойын кезінде адамгершілік мінез-құлық, өзара сыйласу, татулық, ұжымда бір-бірімен тіл табысу сияқты мінездер қалыптасады. Қазақтың ұлттық ойындарында белгілі дәрежеде ойнаушылардың бір-бірімен адамгершілік қарым-қатынаста болуы маңызды. Ойын кезінде жеке бастың ар-намысына тимеу қатаң сақталады. Ойын

аяқталғанда бір-бірін балағаттау, ия болмаса жығылып жатқан қарсыласының үстінен аттау - өрескел әдіс болып табылады.

Әрбір бала өзін қазақтың деп есептесе өзінің ұлтының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, ұлттық ойындары мен құндылықтарын жатқа біліп, соны пайдаланып өсуге тиіс. Сонда ғана біз оларды шынайы патриот ете аламыз.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында білім алушылар мен тәрбиелеушілер, педагог қызметкерлер мен ересектер арасында әртүрлі спорттық жарыстар, ұлттық ойындар, семинарлар, конференциялар, сондай-ақ, іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу көрсетілген [3]. Демек, қазақтың ұлттық ойындары сауықтыру жағынан ғана емес, ол - спорт, ол - өнер, ол - әртүрлі қызмет, жұмыстарға бейімдейтін тәжірибелік маңызы бар тәрбие құралы. Ұлттық ойындардың адамға тигізетін пайдасын халық ертеден-ақ білген. Ойындар атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жаласып, халықтың дәстүрлі шаруашылық, мәдени, өнер тіршілігінің жиынтық бейнесі әрі көрінісі болған. Қазақтың ұлттық ойындары жүгіру, секіру элементтеріне бай. Ойындарды көп ойнап, жүгіріп, алада, таза ауада жүру - жас ағзаның дұрыс та сергек өсуінің көзі болған және де балалар ойын ойнаған кезде ерлікті, өжеттікті, батылдықты, шапшандықты, сонымен қатар, мінез-құлық ерекшеліктерін, білек күшін, дененің сомданып шынығуын қалыптастырады. Сондықтан, ұлттық ойындарды оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану - қоғамымыздың ұлттық идеологиясын нығайтудағы өзекті мәселелердің бірі.

Бүгінгі жас ұрпаққа үлгілі, өнегелі тәрбие беру - қазіргі қоғамның басты міндеттерінің бірі. Ойын арқылы бала қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді, өзінің өмірден байқағандарын іске асырып, қоршаған адамдардың іс-әрекетіне еліктейді.

Ұлттық ойындардың тәрбиелік маңызы туралы М.Жұмабаев: «Ойындар халық мәдениетінен бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене тәрбиесінің негізгі элементі», - деп тұжырымдайды [4, 24]. Қазақтың белгілі ғалым ағартушылары А.Құнанбаев [5, 78], Ш.Уәлиханов [5, 122], Ы.Алтынсарин [6, 175] халық ойындарының балаларға білім берудегі тәрбиелік мәнін жоғары бағалап, өткен ұрпақтың дәстүрі мен салтын құрметтеп, адамдардың ойы мен іс-әрекетін танып түсінуде жастардың эстетикалық, адамгершілік ой талабының өсуіне, оның атқаратын қызметін жоғары бағаласа, Е.Сағындықов өз еңбегінде: «Қазақтың ұлттық ойындары тақырыпқа өте бай және әралуан болады», - дей келе қазақ мектептеріндегі бастауыш сыныптардағы дене тәрбиесі сабағында және сабақтан тыс тәрбие жұмыстарында қолдану әдістемелерін зерделеп, ұлттық ойындарды әр пәннің өз ерекшеліктеріне негіздеп қалай қолдану жолдарын көрсетеді. Ұлттық ойындарды оқу үдерісінде пайдалану қажеттілігін арнайы негіздейді [7, 65]. А.Диваев «Игры киргизских детей» атты еңбегінде тарихта алғаш рет қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырады: 1) рулық-қауымдық құрылыс кезеңінде өмірге келген ойындар; 2) дәстүрлі-қозғалыс ойындары; 3) спорттық ойындар [8]. Ал, «Как киргизы развлекают детей», - деген мақаласында «Бала бас бармағын көтерін оған пайғамбарымыз (с.ғ.а.) не дейді деп көк аспанға қарап, Құдай тәңірінен рұқсат сұраған», - дей келін, «Бес саусақ» ойыны мен саусақ атауларын алға тартады және аталған мақалада саусақпен қимыл-қозғалыс жасау әрекеті негізінде баланы тәрбиелеп, шынықтырудың үлкен даналық философиялық мағынасы жатқандығын сөз етеді [9]. Қазақтың ұлттық қозғалыс ойындарын топтамалық жіктеу жасай отырып, ұлттық ойындарды оқу үдерісінде пайдалануға ұсыныс жасайды.

Кенес дәуірі жылдарында қазақтың ұлттық ойындары күн тәртібіндегі өзекті мәселе болғанына қарамастан, сол тоталитаризм кезінде дәстүрлі ұлттық ойындарды терең зерттеп, қазақ тілінде оқу құралдарын жазған авторлар қатарында М.Тәнекеев [10], Б.Төтенаев [11], М.Болғанбаев [12], Ә.Бүркітбаев [13], Ж.М.Төлегенов [14] және т.б. ғалымдардың есімдерін айрықша атауға болады.

М.Тәнекеев «Халықтық дене тәрбиесі педагогикасындағы ойындар білім берудің бұрыннан бар кәсіптік пәндер өзін таппаған салаларын дамытуда маңызды рөл атқарады. Игры в народной педагогике физического воспитания выполняют важную роль при освоении

тех сфер воспитания, где существующие профессиональные дисциплины не нашли себя», - деп ұлттық ойындардың КСРО кезіндегі қолданыс аясының тар болғанын атап көрсетеді. Сонымен қатар, ұлттық спорт түрлерінің даму тарихын әлем халықтарының және олимпиадалық ойындардың даму барысымен салыстыра отырып, адамзат тарихындағы ұлттық ойындардың сол халықтың тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланыста болғандығын тарихи тұрғыдан негіздеп көрсетеді. Ол өз зерттеу еңбегінде «Тоғызқұмалақ», «Түйе жарыс», «Қыз қуу», «Көкпар», «Теңге алу», «Жаяу жарыс», «Жамбы ату» сияқты басқа да ойындардың тәрбиелік мәнімен қоса, халықтар арасындағы достық қарым-қатынасты дамытуда атқаратын орны туралы да кең көлемде тұжырымдар жасайды. Сондай-ақ, ұлттық ойындардың дамуына кедергі болып отырған жағдайларды да атап көрсетеді [15, 28].

Б.Төтенаев өзінің ғылыми еңбегінде ұлттық ойындардың дамуын саралай келіп, ойын түрлерін төрт топқа бөліп қарастырады: 1) салт-дәстүр негізінде дүниеге келген ұлттық ойындар; 2) жастар ойыны; 3) қозғалмалы ойындар; 4) табиғат аясындағы ойындар. Бірінші топтағы ойындардың өзін бірнеше топқа бөле отырып, оларға қарапайым халықтың еңбек үдерісімен байланысты мерекелік ойындар: «Ақ боран», «Қалтырауық», «Қамыр кемпір» сияқты ойындарды кіргізсе, екінші топтағы ойындарды ләстүрлі халық ойындары деп атап, оларға «Қазақ күресі», «Жаяу жарыс», «Жамбы ату», «Күміс алу», «Қыз қуу», «Көкпар», «Жорға жарыс» ойындарын енгізеді. Үшінші топқа халықтың жерге байланысты әдет-ғұрып, салт-дәстүрімен байланысатын ұлттық ойындарын, ал, төртінші топтағы ойындарға табиғат аясында ойналатын ұлттық ойындарды енгізеді [16, 16].

М.Болғамбаев «Қазақтың ұлттық спорт түрлері» атты еңбегінде халық арасында кең тараған ат спортына қатысты және қазақ күресіне қажетті жаттықтыру, тәрбиелеу әдістемелерін терең талдап, зерттеу нәтижелерін ұсынады [12, 28-35].

Ә.Бүркітбаев ғылыми еңбегінде ұлт ойындарының тәрбиелік маңызы туралы айта келе сабақта және тәрбие жұмысында, балабақшалар мен бастауыш мектептерде ұлттық ойынды тиімді пайдаланса, алдымен еңбекке баулу және дене шынықтыру пәндерінде оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру шарттары теориялық тұрғыдан негізделсе, онда оқушылардың білімге деген құштарлығын арттыруға және халықтың асыл мұрасын бойына сіңірін, ұлттық сананы қалыптастыруға негіз болады, - деп пікір білдіреді [13, 8-9].

Ж.М.Төлегенов КСРО кезінде қазақ ұлттық дене тәрбиесін педагогикалық құрал ретінде қолдану жолдарын Қазақстан жағдайына бейімдеп зерттейді. Ол «Қазіргі дене тәрбиесінің әлсіз тұсы ұлттық дене тәрбиесі құралдарын дене тәрбиесі сабақтарында барынша аз қолдана бастауы болып табылады, егер де ұлттық ойындарды дене тәрбиесі пәнінде тиімді қолдана білсек, оның бала денсаулығына жан-жақты әсері бар екендігін көруге болады», - деп тұжырымдайды [14, 14].

Ұлтының наным-сенімдерін, саяси көзқарастары мен бағдарын, өз ұлтының ерекшеліктерін ұлттың әрбір азаматы танып білуі тиіс. Ұлттық мәдениет, ұлттық тіл, салт-сана мен дәстүр әрбір халықтың өмір сүруінің және жер бетінде сақталып қалуының негізгі кепілдері болып саналады. Халқымыздың ұлы перзенті, заманымыздың аса көрнекті жазушысы М.Әуезов: «Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында, өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген, менің түсінуімше: көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған», - деп тегіннен тегін айтпаса керек [15, 68]. Бұл ретте өз дәстүр болмысын бұзбай, жаңа технологиямен біте қайнастырып жіберген Жапон елінен үйренеріміз мол.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту барысындағы спорттық жаттығуларға, қимыл-қозғалыс ойындарға Н.И.Пономарев, А.П.Усова, Д.В.Хухлаева және т.б. ғалымдар ерекше назар аударған.

Н.И.Пономарев ойын мен ойыншық және дидактикалық құралдарға ғана сүйеніп, мектепке дейінгі балалық кезде заттар жөнінде жекелеген нақты түсініктер жинақтау кезеңі деп түсіну қателік деп дәлелдейді. Бұл кезде дене шынықтыру мен ақыл-ой дамуына, жалпы

түсінік пен ұғымның қалыптасуында маңызды ойлау операциялары талдау, салыстыру, қорыту қабілеттері жетіледі - деп тұжырымдайды [16, 59].

Ғалым А.Усова өз еңбегінде ойынның мәнін баланың дербес іс-әрекеті, айналасындағы өзгерістерді танып-білуге, белсенді әрекет етуге жол ашуы ретінде түсіндіреді. Автордың айтуынша, шынайы өмірде баланың аты - бала. Өз бетінше әлі ештеңе жасамайтын тұлға. Қам-қатерсіз өмір ағысына ілесіп кете барады. Ол ойын үстінде бейне бір ересек адам тәрізді өз күшін сынап көреді [18, 48].

Д.Хухлаеваның пікірінше, дене жаттығуларын ойынмен ұштастырған сәтте баланың тұрақты іс-әрекетке бейімділігінің қалыптасуы айқын сезіледі, сондықтан дене шынықтыру күнделікті қажеттілік болумен қатар денсаулықтың, шыдамдылық пен тез қимыл-әрекеттің символы болып табылады, - дейді [18, 105].

Сонымен, қазақтың ұлттық ойындарының басқа халықтардың ұлттық ойындарынан айырмашылығы – оның шығу, пайда болу тегінің ерекшелігіне байланысты белгілі бір тәрбиелік мақсат бірлігін көздейтіндігінде деген негіздеме береді. Жалпы алғанда дәстүрлер, салттар адамның санасып қалыптастыратын негізгі факторлар.

Қорыта айтқанда ұлттық ойындар – салауатты өмір салтын мұрат тұтқан арманшыл, елі мен жерінің қамын ойлайтын, ұлтқа тән барлық қасиетті қадір тұтатын, дара тұлға – жаңа азамат тәрбиелеп шығудың маңызды құралы. Сабақ барысында немесе сабақтан тыс кезде баланы ұлттық ойын арқылы өмірге тәрбиелеу үздіксіз үдерістің жалғасы. Халықтың ұлттық ойындары – жас ұрпақтың қалыптасып өсіп-өнуіне әсер ететін факторлардың бірі және дәстүрлі мәдениетіміздің бір бағыты. Ойын – дене қозғалысы, шыныққан денесінің шеберлігі, көңіл көтеру, дем алу, бас қосып бірлесіп әдет-ғұрыпты жалғастыруға үндесу. Жұмыстан бос кезде той-думан мен ойын-сауықтар жиі атқарылады. Мектеп оқушыларына дене күшін, қимыл-қозғалыс дағдыларын дамытуға байланысты ұлттық ойындар түрлі физиологиялық, психологиялық тұрғыдан қазіргі заман талабына сай ары қарай дамытуды қажет етеді. Мектепте оқушыларға ұлттық ойындардың құндылығын насихаттаумен қатар, оларды қолданудың озық тәжірибелерін жинақтау және дамыту керек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. - Алматы: «Ғылым», 1997. - 129 б.
2. Сухомлинский В.Н. Как воспитать настоящего человека. - М.: «Педагогика», 1989.
3. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. - Астана, 2011.
4. Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы: «Ана тілі», 1992. - 24-26 б.
5. Уалиханов Ш. Таңдамалы. - Алматы: «Жазушы», 1986. - 220 б.
6. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. - Алматы: «Ғылым», 1994. – 210 б.
7. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. - Алматы, «Рауан», 1991. - 144 б.
8. Диваев А. Игры киргизских детей // «Туркестанская газета», 1905. - №48; «Туркестанские ведомости», 1905. - № 152.
9. Диваев А. Как киргизы развлекают детей // «Этнографическое обозрение», 1908. - № 1,2. - 4-5 с.
10. Тәнекеев М. Қазақтың ұлттық спорт түрлері. - Алматы: «Казгосиздат», 1957. - 61 б.
11. Төтенасев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. - Алматы: «Қайнар», 1994. - 150 б.
12. Болғанбаев М. Қазақтың ұлттық спорт түрлері. – Алматы: «Қайнар», 1983. - 163 б.
13. Бүркітбаев Ә. Спорттың ұлттық түрлері және оның тәрбиелік мәні. - Алматы: «Жалын», 1978. - 89 б.
14. Тулегенов Ж.М. Внедрение казахских национальных форм и средств физического воспитания в современный педагогический процесс; автореф...канд. пед. наук: 13.00.01. - Алма-Ата, 1982. - С. - 13-15.
15. Әуезов М. Абай жолы. Алматы: «Қаз.Мем. көркем әдебиет баспасы», 1955. 1-том.
16. Пономарев Н.И. Возникновение и первоначальное развитие физического воспитания. - М.: «ФиС», 1970. - С. - 59.
17. Усова А.П. Балабақшадағы оқыту. - Алматы: «Мектеп», 1987. - 48 б.
18. Хухлаева Д.В. Методика физического воспитания в дошкольных учреждениях. Уч.пособие. - М.: «Просвещение», 1984. - 208 с.